

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 27 мамырдағы N 646 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 30 қарашадағы N 1458 . Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1998.05.27. N 484 қаулысымен. ~P980484

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдаланушылармен контрактілер жасау және оны орындау жөніндегі Құзыретті органы туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 27 мамырдағы N 646 P960646_ қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

2 - т а р м а қ т а :

үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"мұнай операцияларын жүргізу бойынша - Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі, ал бірлескен кәсіпорындар құру кезінде - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті мен Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігінің келісімімен";

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Табиғи ресурстарды өндіретін кәсіпорындарды, олардың салалық тиесілігіне қарамастан жекешелендіру немесе мүліктік жалдау (концессия) жағдайында - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті мен Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау м и н и с т р л і г і " ;

мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"Кәсіпорындарды жекешелендіруге әзірлеуді және инвесторлармен

осы процеске қатысты келіссөздер жасауды тиісті салалық министрліктер жүзеге асырады деп белгіленсін";

5-тармақ 6-тармақ деп саналсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК